АСҚАҚТАЙ БЕР, АЗАТ ЕЛ!

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 80 (3907)
23 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНГІЗУ КЕРЕК

Іргелі зерттеулерге бес жылдық грант беру туралы заңнамалық мүмкіндік бар. Бірақ практикада негізгі ғылыми жобалардың мерзімі әлі де үш жылмен шектеліп келеді. «Әділет» партиясы фракциясының депутаты Лаура Қарабасова осы мәселені Үкімет алдына қойып, 2027 жылдан бастап іргелі ғылымға арналған 60 айлық гранттық қаржыландыру моделін енгізуді ұсынды.



(Жалғасы 3-бетте)

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУ АЛҒАН КҮН

Баршамыз Тәуелсіз Қазақстанның жаңа, жарқын беттері қалыптаса бастаған таңғажайып дәуіріне куә болып отырмыз. Бір елдің тарихы, әрине, ешқашан бір сәтте, бір күн, бір апта, айлар аралығында құрала қоймасы анық. Дегенмен, ғасырға татитын салмақты оқиғалар, жарқын күндер тарихқа өз таңбасын айқындап, жазып жататынын тағы жоққа шығара алмаймыз. Міне, 25 қазан Республика күнін осындай елдік тарихымыздағы айрықша таңбаланып, даралынар күн деп атаймыз.

25 қазанның Республика күні болып таңдалуы кездейсоқ емес. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамына көз жүгіртсек, сонау 1990 жылдың нақ осы күні Жоғарғы Кеңестің жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланып, сонымен қоса, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізі қаланды. Осылайша, Қазақстанның ең алғашқы құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы Декларациясы қабылданды.

Тарихи жаңғырық

Бұл Декларацияда егеменді елдің негізгі қағидаттары ретінде: біртұтас мемлекеттік аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі және сырт жұрттар тарапынан қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті өрістету және нығайту белгіленген. Демек, Республика күні болып белгіленген бұл күн – барша жақсылығымыздың бастауы, жолашары. Өйткені, біз «тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымды осы құжат арқылы бойымызға сіңірдік, құлағымызды үйреттік. Нақ осы, «тәуелсіздік» ұғымы бізді жарық дүниеге басқаша көзқараспен көз салуға шақырды, біз кіммен, қандай елмен болса да иық теңестірер деңгейге жеттік, еркін ел ретінде еңсемізді тіктедік.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

Бір кездері баланың бос уақыты ауладағы ойынмен, достарымен арасып, кітап оқумен өтетін. Қазір ойынның да, қарым-қатынастың да, көңіл көтерудің де бір бөлігі телефон экранына көшті. Смартфон балалардың күнделікті өміріндегі үйреншікті құралға айналды. Тіпті мектеп жасына жетпеген бүлдіршіннің өзі бейнежазбаны қосып, келесі бейнекөріністі таңдай алады.

БАЛАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ҰРЛАҒАН КІМ?

Бір қарағанда, мұның еш әбестігі жоқ. Технология дамыған сайын оны қолданатындардың жасы да кішірейіп келеді. Алайда осы өзгеріспен бірге ата-аналар мен қоғам алдында маңызды сұрақ туындады: цифрлық әлем баланың дамуына қаншалықты көмектесіп, қай кезде оның қалыпты өміріне кедергі келтіре бастайды? Экранның ар жағындағы әлем оның көңіл-күйіне, мінез-құлқына, оқуына және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына қалай әсер етіп жатыр?

Интернетпен таныстық бес жастан басталады

Қазақстандағы балалардың цифрлық өміріне қатысты нақты мәліметтерді БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен «Kazakhstan Kids Online» зерттеуінен көруге болады. 2023 жылы жүргізілген зерттеу аясында еліміздің барлық өңірінен балалар, ата-аналар мен мұғалімдер сауалнамаға қатысқан. Нәтижесінде балалардың 46 пайызы интернетті алғаш рет 5-8 жас аралығында пайдалана бастағаны анықталды. Бұл көрсеткіш баланың цифрлық әлеммен танысуы мектепке бармай тұрып-ақ басталатынын аңғартады. Тағы бір назар аударарлық дерек бар. Зерттеуге сәйкес, 9-10 жастағы балалардың 60 пайызында, ал 11-12 жастағылардың 66 пайызында әлеуметтік желілерде немесе ойын платформаларында жеке аккаунт болған. Көптеген танымал платформада 13 жасқа толмағандардың өз бетінше аккаунт ашуына шектеу қойылғанын ескерсек, бұл көрсеткіш балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қаншалықты күрделі мәселеге айналғанын көрсетеді. Дегенмен, интернетті ерте пайдалану баланың міндетті түрде тәуелділікке ұшырайтынын білдірмейді. Бала смартфон арқылы сабақ оқуы, жаңа тіл үйренуі немесе шығармашылық қабілетін дамытуы мүмкін. Ең бастысы, цифрлық орта оның күнделікті өміріндегі басқа маңызды әрекеттерді ығыстырып шығармауы керек.

Телефонды тартып алумен түйткіл шешілмейді

Цифрлық құрылғылардың бала өміріне ықпалы туралы айтылғанда, ең алдымен оның оқу үлгеріміне әсері сөз болады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының PISA–2022 халықаралық зерттеуіне сәйкес, Қазақстандағы 15 жастағы оқушылардың 23 пайызы математика сабағының көбінде немесе барлығында цифрлық құрылғыларды пайдалану салдарынан зейіні бөлінетінін айтқан. Ал 21 пайызы басқа оқушылардың құрылғыларды қолдануы сабаққа көңіл бөлуге кедергі келтіреді дейді.

Баланың сабаққа қызығушылығының төмендеуіне көптеген фактор әсер етуі мүмкін. Олардың қатарында ұйқының жеткіліксіздігі, эмоциялық қиындықтар, мектептегі жағдай, отбасындағы қарым-қатынас және оқу жүктемесі бар. Сондықтан мектеп оқушысының зейіні нашарласа немесе оқу үлгерімі төмендесе, оның себебін тек смартфоннан іздеу дұрыс емес.

(Жалғасы 6-бетте)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕЛДІК МҰРАТ – БІРЛІК ПЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Тәуелсіздік – ұлттың ұлы мұраты, мемлекеттіліктің алтын діңгегі. Азаттықтың ақ таңын атырған тарихи жолымызды таразылап, елдігіміздің тұғырын бекемдейтін құндылықтарды ұлықтау бүгінгі ұрпаққа аманат әрі қоғамға ортақ парыз десек артық айтпаспыз. Республика күні қарсаңында Астана төріндегі Достық үйінде осы ұлағатты ұстанымды арқау еткен «Тарих. Тағылым. Мемлекеттілік: Қазақстанның даму жолы» атты дөңгелек үстел өтті.

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» мекемесі ұйымдастырған алқалы жиынға Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің өкілдері, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, ғалымдар, этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып, елдік мұрат, тарихи сабақтастық, қоғамдық келісім мен Қазақстанның даму бағдары төңірегінде толғамды ой қозғады.

Елдік мүдде мен еркіндіктің түпқазығы Егемендік жайлы сөз қозғағанда айтылар сөздің де салмағы ауыр. Елордадағы Достық үйінде бас қосқан құзырлы тұлғалар мен қоғам өкілдері ел аманатына қатысты атан түйеге жүк боларлық өзекті мәселелерді ортаға салды. Атап айтқанда, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихын таразылау, Республика күнінің тарихи мәнін тереңірек пайымдау, конституциялық құндылықтарды орнықтыру, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жайы жиынның негізгі өзегіне айналды. Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдеу, елдің ертеңіне бағыт-бағдар айқындау секілді салмағы бөлек тақырыптар төңірегінде өрбіген әңгіме тарихи тағылым мен бүгінгі жауапкершілікті сабақтастырып, ортақ мұрат жолында ой тоғыстырды.

Мерекелік басқосу Достық үйінің фойесінде халық аспаптар ансамблінің ұлттық нақыштағы әуенімен басталды. Күмбірлеген күй мен сырлы саз халқымыздың рухани мұрасын ұлықтай түсті. Артынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, елдік рух пен тәуелсіздікке тағзым салтанатты сәтпен сабақтасты. Жиынды жүргізген Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Бақытжан Жүнісбеков кіріспе сөзінде Республика күнінің тарихи маңызына ерекше тоқталды.

Шынында да, 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация азаттыққа бастар жолдағы тарихи белес, дербес мемлекет болуға деген ұмтылыстың саяси-құқықтық негізін қалаған басты құжат. Сол күн ел тарихындағы жаңа кезеңнің бетін айқара ашып, тәуелсіздік мұратына жол салғаны ақиқат. Республика күні – өткенге тағзым етіп қана қоймай, бүгінгі елдіктің бағасын бағамдайтын, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіретін мереке. Егемендіктің еңсесін тіктеп, мемлекеттіліктің тұғырын бекемдеу бір күндік міндет емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлы аманат, – деп атап өтті Бақытжан Жүнісбеков.

Елдіктің өзегі – бірлік, мемлекеттің тірегі – жауапкершілік

Дөңгелек үстелдің өзегіне айналған мәселелердің салмағы да, мәні де айрықша. Қатысушылар Қазақстанның даму бағдары, конституциялық құндылықтар, заң үстемдігі, мемлекеттік институттардың орны мен қоғамдық келісімді нығайту сияқты күн тәртібінде тұрған келелі мәселелер жайлы ойларын ортаға салды.

(Жалғасы 3-бетте)

Электрондық көшірме

ӘРТҮРЛІ

4. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС Қызылорда қаласындағы филиалы кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 02.11.2026 жылы сағат 12:00-де Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, 62А үй, 11-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

№ 1-лот: Mercedes G-class маркалы автокөлік, 2001 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 243 AFP 11, VIN: WDB4632481X123730, қозғалтқыш көлемі – 5,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 6 508 000 теңге;

Аталған мүлік Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 62А мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Қоқыт Ата көшесі, 62А үй, 11-кеңсе. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС Қызылорда қ-ғы филиалы кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі, 23-үй, анықтама тел. +7 705 766 28 22, төлем реквизиттері ИИК KZ5496525F0008192479 «ForteBank» АҚ, БИК IRTYKZKA.

12. «UlyAimak» ЖШС (БСН 150840014622) жарғылық капиталын 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін азайтатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Нұрлы Жол көшесі, 39-үй.

17. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 12 қазандағы ұйғарымымен «Магнат Строй Инжиниринг» ЖШС-не (БСН 010540016580) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардан өз талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша ұсыну сұралады: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 7, 2-қабат. Электрондық пошта: magnatstroi.info@gmail.com, sapar_11111@mail.ru. Тел. +7 702 444 68 55, +7 705 264 89 33.

21. «ADS Development» ЖШС (БСН 100740002824) өзінің «Aida Construction Company» (Аида Констракшн Компани) ЖШС-не (БСН 060540005079) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы шағынауданы, Кенесары хан көшесі, 54/15-үй, тел. +77022229555.

23. Ақтөбе қалалық соты, Торембетов Жасулан Тайгановичті (туған күні: 15.01.1991, туған жері: Ақтөбе) қайтыс болған деп тану туралы азаматтық істі қарауда. Оның тұрған жері туралы мәліметі бар адамдардан сотқа немесе арыз беруші Сундетбаев Еламан Ермагамбетовичке +77710697879 хабарласуы сұралады.

28. «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС 2026 жылғы 25 қарашада сағат 11:00-де ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, А. Пушкин көшесі, 22-үй, 1-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан кеңсе ғимаратында «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Жалпы жиналыстың күн тәртібі: – «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімі шеңберінде санациялаушыны енгізу мәселесін қарау және бекіту.

30. Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 7 қазандағы ұйғарымымен «ЭлитПерспективСтрой» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

31. Алматы қаласы МАЭС-і 13.10.2026 жылдағы ұйғарымымен «EMT Company» ЖШС-не қатысты (БСН 180640007073) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сыпатаев көшесі / Мыңбаев көшесі, 121/50-үй. Тел. +7 701 555 4972.

32. «МИК Ломбард» ЖШС кепілге қойылған алтын бұйымдарын өткізу бойынша сауда-саттық өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 30 қазаннан 10 қараша, 20 қараша және 30 қараша аралықтарында сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласы, Әнет баба көшесі, 11/2, ТЕУ 15 мекенжайында өтеді. Тел. +7 777 955 08 35.

33. Астана қаласы әкімдігінің «№114 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250440021196) Астана қаласы әкімдігінің «№114 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.10.2026 ж. №107-3521 қаулысы негізінде. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ілияс Жансүгіров көшесі, 1 уч. Тел. 8 775 005 3719.

ТАРАТУ

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Үкіатқан бастауыш мектебі» КММ Ұзынкөл ауданының Үкіатқан ауылы, Молодежная көшесі, 6-ғимаратының таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, тел. 8 (714 44) 2 42 35, ЖСН: 020840002127.

11. «ABK Internationa» («ЭйБиКей Интернешнл») ЖШС (БСН 110840015435) серіктестіктің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-үй. Тел. +7 701 206 80 04.

14. «QazAstau» ЖШС (БСН 260240011153) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050000, Орбита-2 шағынауданы, 37-үй, 14-пәтер. Тел. +77472400040.

15. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі» КММ «Березовка негізгі орта мектебі» КММ (БСН 991240002664) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Березовка ауылы, Школьная көшесі, 4-ғимарат, тел. 87153521135 мекенжайында қабылданады.

18. «Yuntianhui Building Materials Co.,» ЖШС (БСН 261040002695) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейханов көшесі, 510Б үй, 516-пәтер.

19. «Оригинал Плюс» ЖШС (БСН 050240010855) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Темірлановская тас жолы, 10Б, тел. +77012388364.

20. «АҚБАР» ЖШС (БСН 970340002811) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Темірлановская тас жолы, 10Б, тел. +77012388364.

24. «ТОВ-НАУРЫ» ЖШС (БСН 241140025307) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 32 Б ықшамауданы, 4-үй, 56-пәтер.

25. «Майлибай» ЖШС (БСН 231040016461) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Жетіқара қаласы, 11-ықшамауданы, 13-үй.

26. «Үміт-Шуақ» ЖШС (БСН 221140047443) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Ынтымақ-2 шағынауданы, 1820-ғимарат, индекс 160000.

27. «Иманды жүрек» қоғамдық қайырымдылық қоры (БСН 190440022329) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата кенті, Қ.Ысқақов көшесі, 38А құрылыс, индекс 161200.

29. «Вкусноедим» ЖШС (БСН 201140021565) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Барибаева көшесі, 43/2, 11-пәтер. Тел. 87072100051.

34. Ұлытау облысы Білім басқармасының Жаңарқа аудандық білім бөлімінің «Жомарт бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 051240010342) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Абай көшесі, 37. Тел. 87103021059.

МҰРАГЕРЛІК

8. 02.08.2026 ж. Тулендиев Айтмолданың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген шағынауданы, Ш.Уәлиханов көшесі, №117А мекенжайы бойынша, нотариус А.К.Курымбаеваға хабарлассын. Тел. 8 775 851 12 12, 8 747 319 50 09.

9. 22.03.2026 ж. қайтыс болған Бегалиева Гулшахардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

10. 05.05.2026 ж. қайтыс болған Сарбасов Нұрболат Қайырбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

13. 2026 ж. 20 сәуірде Буркутбаев Мухаметкалий Терликпаевичтің қайтыс болғанына байланысты нотариусте мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлер Астана қаласының нотариусы Сәметқызы Айнұрға хабарласуын сұраймыз. Мекенжайы: Астана қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 5-үй, т.е.ж. 3, БЦ Silk Way, 2-қабат, 9-кеңсе. Тел. +77025123288.

16. Нотариус Рахымберлиева Лаура Нурлановна (лицензия №22014790 ҚР ӘМ-мен 12.08.2022 ж. берілген) хабарлайды: 18 мамыр 2026 жылы қайтыс болған Искакова Гульмира Кенжебаевнаның артынан (17.09.1973 ж.т.) мұралық істің ашылғандығын және оның мұрагерлеріне, Атырау қаласы, Нұрсая ықшамауданы, 58-үйде орналасқан нотариустың №1-кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел. +77012458588.

2. Ақтөбе облыстық сотының судьялар корпусы мен Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Павлодар облыстық сотының төрағасы Серік Кеңесұлы Төлегеновке қызы

Төлегенова Жібек Серікқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

3. Павлодар облысы соттарының, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Павлодар облысы бойынша филиалының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департаментінің ұжымдары, Павлодар облыстық сотының төрағасы Серік Кеңесұлы Төлегеновке, қызы

Жібек Серікқызы Төлегенованың

қайтыс болуына байланысты, орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

22. Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының ұжымы судья Дина Нұрболатқызы Тұхфатоваға анасы

Шайзада Қабдлашімқызы Скаковаңың

қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

6. Қызылша жұқпасы эпидемиологиялық жағдайы бүгінгі күні әліде алаңдатуда, өйткені қызылша жұқпасының тіркелу қарқыны төмендегенімен әлі де жұқпа көзі ортамызда бар.

Негізінен Қызылшамен ауырып отырған орта, ол 14 жасқа дейінгі балалар, уақытылы екпені алмаған, негізгі себеп болып біріншіден ата-анасының екпеден өз көз қарастарына байланысты бас тартуы, екіншіден медициналық шектеулер, сонымен қатар балалардың екпе жасына келмегендігі болып отыр.

Қызылша жұқпасына келетін болсақ – бұл антропоноздық жедел вирустық жұқпа, өте жоғары контагиозды, қызылша жұқпасына шалдыққан науқас адамнан сау адамға ауа тамшы арқылы беріледі (яғни сөйлесу барысында, науқас түшкіргенде, жөтелгенде, науқаспенен бір бөлмеде болғанда, жұқтыру пайызы 90пайыз).

Клинкалық көрінісі – вирустық жұқпа болғандықтан, катаральдық белгілері – дене қызуының көтерілуі, делсалдылық бастың ауруы, жөтел, көздің шырышты қабатының қабынуы(коньюктивит), қызылша жұқпасына тән папульездық бөртпенің ретімен яғни бетінде, құлақ артында, одан денеге, содан соң қол-аяғына түсуімен ерекшеленеді, тағы бір осы қызылшаға тән ерекшелігі ауыз қуысында екі ұртында ақ дақтың БФК деп айтамыз (Бельского,Филатова, Коплика) пайда болуымен ерекшеленеді.



Жұқпа көзі науқас адам, жұқпа көзі қай кезде қауіпті, осы катаральдық кезеңіне дейін, бөртпе пайда болғаннан кейінгі 5-7 күн, егерде пневмония қосылса соңғы 10 күн ішінде науқас жұғу көзі болып табылуы мүмкін, инкубациялық кезеңі қысқа есеппен 7-15, ең ұзақ-28 күнге дейін созылуы мүмкін. Орта есеппен 21 күн

Асқынулар – қызылша жұқпасы ауыр асқынуларға алып келуі жоғары – өкпенің қабынуы, ауыр энцефалопатия яғни жүйке жүйесінің аурулары, көз ауруларына кейінгі соққырлыққа, ішкі ағзалардың асқыну процестеріне алып келеді.

Алдыны алу шараларына

1. Науқасты жұқпалы ауруханаға жатқызу (шектеу жұмыстарын жүргізу)

2. Науқаспен қарым-қатынаста болғандарды анықтау, олардың иммундық статусын сараптап, қажет жағдайда эпид.көрсеткішпен егу жұмыстарын жүргізу, ошақта 30 жасқа дейінгілердің екпесі болмаған жағдайда 72 сағат ішінде егу жұмыстарын жүргізу қажет;

3. Қарым қатынастағылардың ішінде күдікті науқастарды дер кезінде анықтау үшін 21 күн сапалы медициналық бақылау жүргізу

4. Үй, жұмыс, оқу орындарында және де науқастың белгілі ұйымдастырылған орындарында, ошағында, желдету процестеріне, тазалыққа көңіл бөлу қажет;

5. Катаральдық клиникалық көріністері бар науқастарды ұйымдасқан орындарға жібермеу, яғни медициналық қызметкерлермен, оқытушылармен фильтрді сапалы жүргізу қажет;

6. Ұйымдасқан орындарда көпшілік жиналатын жерлерде қызылшамен анықталған науқастар болған жағдайда күрделі ойын сауық шараларға жол бермеу;

7. Көпшілік жерлерде ара қашықтықты сақтау, бет перде қолдану, жөтеліп түшкіргенде жеке бас гигиенасын сақтау шараларын қолдану

ҚЫЗЫЛША ЖҰҚПАСЫН БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ УАҚЫТЫЛЫ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЕКПЕ АЛУ

ҚР Ұлтық екпе жүргізу күн тізбесіне сай жоспарлы түрде егу жұмыстарын жүргізу арнайы 12-15 айлық, яғни 1 жастағы балалар арасында қызылшаға қарсы алғашқы екпесі жүргізіледі, ревакцинациялау 6 жасында егіледі. Екпе ККП вакцинасымен жүргізіледі, бұл осы қызылша қызамық партititке қарсы 3 аралас компоненттен тұратын вакцина, Дүниежүзілік ұйымдасқан Денсаулық сақтау ұйымдарымен сертификатталған, вакцина елімізде тіркеуден өткен, қалада вакцина ақысыз жүргізіледі.



ЕКПЕ ҚЫЗЫЛШАНЫ ЖҰҚТЫРУДАН, СОНДАЙ АҚ АСҚЫНУЛАРДАН САҚТАЙДЫ. ӘР БІР АЛЫНҒАН ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ КӨМЕК БЕРІП ИММУНДЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТАДЫ.

Біріге осы қызылша жұқпасын жоюға ат салысыңыздар!

Әуезов аудандық санитария эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Жансеитова Меруерт Шаимерденқызы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныстар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1-бабының талаптарына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрі – Қазақстан Республикасы Премьер – Министрі орынбасарының 2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу» қағидаларына сай келуі тиіс.

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2026 жылдың 23 қарашасынан бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО Ақсуат ауданы Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13 орналасқан «Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110 кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады , телефон 8 (72346) 2-10-43.

Ескертпе

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару **2026 жылдың 14 желтоқсан күні сағат 10.00-де** Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі,1 мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді.

Конкурс мынадай жағдайда өтпеді деп танылады.

1) конкурсқа қойылған әрбір жер теліміне екі өтінімнен кем түссе;

2) конкурсқа қойылған әрбір жер телімі бойынша конкурсқа қатысуға екі қатысушыдан кем жіберілсе.

Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурсқа шыққан жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Жалпы алаңы гектар	Лоттар №	Жалға беру мерзімі жыл	Жер учаскесінің орналасқан жері,есеп кварталы	Орналасқан жері
1	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	173,7	112	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 12,8 км
2	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	24,6	113	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Қарғыба ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7,6 км
3	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық, шабындық	60,6	114	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7,1 км
4	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	598,8	115	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18,2 км
5	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	19,3	116	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Қарғыба ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4,3 км
6	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	0,7	117	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 14,1 км
7	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	44,1	118	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Томар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9,0 км
8	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	51,3	119	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9,3 км
9	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	279,6	120	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 17,3 км
10	Бекітілген жер көлемі га, Тынайған жер, Жайылымдық	349,7	121	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстікке қарай 6,3 км
11	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	301,4	122	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ақжал ауылынан оңтүстікке қарай 0,9 км
12	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	623,1	123	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-034	Томар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4,3 км
13	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	289,8	124	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Екпін ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 64,1 км
14	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	9,9	125	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Аққала ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 км
15	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	9,6	126	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Аққала ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15,3 км
16	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	99,1	127	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақжал ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 28,2 км
17	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	85,6	128	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақжал ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 29,9 км
18	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	132,6	129	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақсуат ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 64 км
19	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	369,7	130	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Жәнтікей ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8 км
20	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	19,9	131	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакелді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2,0 км
21	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	211,3	132	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Жәнтікей ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7 км
22	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	709,3	133	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакелді ауылынан солтүстік батысқа қарай 21,7 км
23	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	17,4	134	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан солтүстікке қарай 9,9 км
24	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	697,2	135	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 14 км
25	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	683,9	136	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан батысқа қарай 26,5 км
26	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	1082,4	137	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Қызылкесік ауылынан солтүстікке қарай 8,6 км
27	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	9,4	138	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10 км
28	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	708,8	139	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан шығысқа қарай 24,0 км
29	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	149,4	140	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Сарыбұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8,4 км
30	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	441,1	141	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10,4 км
31	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	1054,7	142	25 жыл	Сатбаев ауылдық округі 23-333-043	Қожакелді ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,6 км

Көшірілгендер